

Жамбыл облысы Қордай ауданы Ауқатты ауылдық округінің Рисполе ауылын Бәйтерек ауылы деп атауын өзгерту туралы

Жамбыл облыстық мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 32-9 шешімі және Жамбыл облысы әкімдігінің 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 14 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 27 сәуірде № 1784 тіркелді

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қордай ауданы әкімдігі және Қордай аудандық мәслихатының ұсыныстарын қарай келе және тиісті аумақтың тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жамбыл облысы Қордай ауданы Ауқатты ауылдық округінің Рисполе ауылы Бәйтерек ауылы деп атауы өзгертілсін.

2. Осы нормативтік құқықтық акті Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы
С.СЕЙДАЗИМОВ

Облыстық мәслихат
хатшысы
Ә.ӘСІЛБЕКОВ